

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 9

15.04.2026 жыл

«Индербор кентінің даму бағыты Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан дайын алаңдағы жер телімдерін жеке тұрғын үй құрылысы үшін кент тұрғындарына табыстау туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**


1. «Индербор кентінің даму бағыты Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан дайын алаңдағы жер телімдерін жеке тұрғын үй құрылысы үшін кент тұрғындарына табыстау туралы» аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызының хабарламасы назарға алынсын.

2. Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы А.Үсенқызына:

1) 2017 жылы бекітілген Индербор кентінің елді мекен шекарасына Жайық өзенінің оң жағалауындағы аумақ енгізілмегенін ескере отырып, аталған аумақ бойынша жер учаскелерін беру мәселесін Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң талаптарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі қамтамасыз етілгеннен кейін ғана жүзеге асыру;

2) Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан дайын алаңдағы жер телімдерін жеке тұрғын үй құрылысы үшін кент тұрғындарына табыстау үшін елді мекен шекарасын өзгерту ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев